



## МЕРЕКЕЛІК ҚҰТТЫҚТАУ



### Құрметті солтүстікқазақстандықтар!

Сіздерді еліміздің ұлттық мерекесі – Республика күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Қазақстан Республикасының мемлекеттік егемендігі туралы Декларацияның қабылданғанына быыл 35 жыл толып отыр. Бұл – ата-бабаларымыздың асқақ арманы орындалып, халқымыздың рухы көтерілген, бірлігін бекемдеген және елімізді Тәуелсіздікке бастаған тарихи күн.

Еліміздегі түрлі стратегиялық жобаларды жүзеге асыру ісіне Солтүстік Қазақстан облысы да өз үлесін қосып келеді. Өңіріміз – ет, сүт, астық, үн және майлы дақылдар өндіретін негізгі аймақтардың бірі. Цифрлық технологиялар мен жасанды интеллектіні белсенді түрде енгізу арқылы агроөнеркәсіптік кешен бойынша жетекші орындамыз.

Өңірде ауыл шаруашылығы, денсаулық сақтау, білім беру, көлік және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы салаларында 30-дан астам цифрлық жоба жүзеге асырылуда. Төріскейдегі алғашқы цифрлық сүт фермалары ел бойынша қанатқақты жобаға айналды.

Инфрақұрылым дамып келеді: инженерлік желілер, денсаулық сақтау және білім беру нысандары жаңғыртылуда. Спорт саласы да алға басуда. Жаңа спорт кешендері, бассейндер, хоккей корттары мен шағын футбол алаңдары ашылып, мұз сарайының құрылысы жүргізілуде.

Өңіріміздің басты байлығы – тұрғындары. Олар өз еңбегімен облыс экономикасын нығайтып, қоғамдық бастамаларды қолдап, туған жеріміздің абыройын асқақтатуда.

Осы шауқты мерекеде әрбір отбасына зор денсаулық, бақыт пен береке тілеймін! Табаңдылық пен еңбексүйгіштік, өзара құрмет пен туған жерге деген сүйіспеншілік биік мақсаттарға жетуге мүмкіндік беретініне сенімдімін. Еліміз – Қазақстан Республикасына бейбітшілік, келісім, өркендеу және бақ-дәулет тілеймін!

**Ғауез НҰРМҰХАМБЕТОВ,**  
Солтүстік Қазақстан облысының әкімі.

### Құрметті мағжандықтар!

Сіздерді басты мемлекеттік мереке – Қазақстан Республикасы күнімен шын жүректен құттықтаймын! Биыл біздің еліміздің өз егемендігін жариялағанына 35 жыл толып отыр. Бұл мерекені біріміз халқымыздың бірлігін, бейбітшілігін және жасампаз еңбегін бейнелейтін атаулы күн ретінде атап өтеміз.

Республика күні – ұлттық мақтаныш, ортақ тарих және Отанымыздың болашағы үшін жауапкершілік мерекесі. Тәуелсіздік жылдарында Қазақстан мемлекеттік институттарды нығайтуда бастап азаматтардың ел-ауқатын арттыруға бағытталған ауқымды реформаларға дейін үлкен жолдан өтті. Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев атап өткендей: «Мықты Республика – бұл, ең алдымен, мықты қоғам және Қазақстанның өркендеуі үшін ортақ мақсатқа біріккен азаматтар».

Бұл сөздер біздің заманымыздың мәнін көрсетеді: тек бірлік, еңбекқорлық және өз күшімізге деген сенім бізге болашаққа сенімді түрде қарауға мүмкіндік береді.

Мағжан Жұмабаев ауданы – облыс пен елдің дамуына лайықты үлес қосуда. Біздің еңбеккерлеріміз, кәсіпкерлеріміз, ұстаздарымыз, дәрігерлеріміз, жастарымыз – өркім өз орнында өңірдің экономикасын, әлеуметтік саласын және мәдени өлеуетін нығайта отырып, туған жерінің игілігі үшін жұмыс істейді.

Біз ауданда маңызды бастамалар іске асырылып жатқанын, жаңа нысандар салынып жатқанын, жұмысшы мамандықтарға қолдау көрсетілетінін, ауыл шаруашылығы мен шағын бизнес дамып жатқанын мақтан тұтамыз. Мұның бәрі – әр тұрғынның бірлігі мен жауапкершілігінің нәтижесі.

Құрметті жерлерестер!  
Сіздерге шын жүректен зор денсаулық, бақыт, амандық, келісім және бейбітшілік тілеймін!

Әрбір үй қуаныш пен өркендеуге толы болсын, ал Отанға деген сүйіспеншілік бізді тәуелсіз Қазақстанның өркендеуі жолындағы жаңа жетістіктерге шабыттандырсын!

**Рахат СМАҒҰЛОВ,**  
Мағжан Жұмабаев ауданының әкімі.

## ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫ

## ҮКІМЕТ ХАЛЫҚТЫҢ ТҮРМЫСЫН ЖАҚСARTY ШАРАЛАРЫН ӨЗІРЛЕДІ

Премьер-министр Үкімет мүшелері, басқа да мемлекеттік органдар мен ұйымдар басшыларының қатысуымен Президенттің азамат мүддесі үшін экономикалық реформа бағдарламасын жүзеге асыруды ретке келтіру жөніндегі тапсырмасын орындау мәселесі бойынша кеңес өткізді.

Жиын қорытындысы бойынша бірқатар шешім қабылданды. Бірінші, бүгіннен бастап инфляция деңгейі тұрақтанғанға дейін АИ-92 маркалы бензин мен дизель отыны бағасын одан әрі көтеруге мораторий енгізіледі. Премьер-министр Энергетика министрлігіне Бәсекелестікті қорғау және даму агенттігімен және өңір әкімдіктерімен бірге тиісті қадағалау жүргізуді, сондай-ақ ішкі нарықты ЖЖМ-мен үздіксіз қамтамасыз ету үшін қажетті шаралар қабылдауды тапсырды.

Екінші, барлық тұтынушы тобы үшін коммуналдық қызметтер тарифін көтеру 2026 жылдың I тоқсанының соңына дейін тоқтатылады. Тарифтердің өсуін тежеу табиғи монополиялар субъектілерінің операциялық шығыстарын оңтайландыру есебінен қамтамасыз етіледі. Бұл ретте ТКШ жүйесі нысандарында жоспарланған барлық жөндеу жұмысы белгіленген мерзімде аяқталуға тиіс. Айта кету керек, халықтың әлеуметтік жағынан осал топтары үшін тұрғын үй көмегін көрсету тетігі қолданылады.

Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары бағасының өсуіне жол бермеу үшін отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді қаржыландыру көлемін екі есе ұлғайту арқылы тұрақтандыру қорларының жұмысына қосымша серпін беріледі, бұл өз кезегінде ӘМАТ санатына жататын өнімдер бағасының төмендеуіне әкеледі. Делдалдық схемалар мен сауда үстемелерін асыра қосу фактілерін анықтау жөніндегі өңірлік комиссиялар жұмысын күшейтуге ерекше назар аударылады.

Жалғасы 2-бетте.

## МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ АУДАНЫ – РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЖӨРМЕНКЕДЕ



18-19 қазан күндері елордадағы «Қазанат» ипподромында Солтүстік Қазақстан облысының ауыл шаруашылығы өндірушілерінің қатысуымен ірі ауыл шаруашылығы жәрмеңкесі болып өтті. Елге салалы өніммен танымал астықты өңір астана тұрғындарына нарықтағыдан 10-15% төмен бағамен азық-түліктің кең асортиментін ұсынды. 13 аудан мен Петропавлдан келген 120-дан астам шаруа қожалығы Солтүстік Қазақстан облысы – еліміздің ауыл шаруашылығының көшбасшыларының бірі ретіндегі беделін тағы да дәлелдеді.

Мағжан Жұмабаев ауданы – Астанада дәстүрлі республикалық ауыл шаруашылығы жәрмеңкесінің тұрақты қатысушысы.

Аудан әкімі Рахат Смағұловтың айтуынша, мұндай іс-шаралардың тәжірибесі алмасуға, ынтымақтастықты кеңейтуге және жергілікті өндірушілердің өнімдерін ілгерілетуге аса маңызды.

Аудан жыл сайын жәрмеңкеге белсене қатысып келеді және оның өнімі үнемі жоғары сұранысқа ие. Биыл қала тұрғындарына ет, сүт өнімдері, көкөністер, жармалар мен табиғи бал ұсынылды.

– Бүгін Астана қаласында ауыл шаруашылығы жәрмеңкесіне қатысып жатырмыз. Мағжандық тауар өндірушілер 20 сыырдың,

10 жылқының және 20 қойдың етін әкеліп, сондай-ақ елордалықтарға 0,5 тонна күс еті ұсынылды. Жәрмеңкеде 0,5 тонна жарма, 20 тонна картоп және 20 тонна көкөніс, 1 тонна бал, 3,5 тонна сүт өнімдері (оралмақ сүт, шаруа майы, қаймақ, сүзбе, ірімшік) арзан бағамен сатылды.

Бұл жәрмеңкенің ерекшелігі – мұнда өнімді өндірушіден тікелей сатып алуға болады, бағалар нарықтан төмен. Барлық өнім экологиялық таза. Астана тұрғындары біздің өнімді жақсы білгендіктен жәрмеңкеге келіп, отандық өндірушілерден керек азық-түліктерін сатып алуда, – дейді ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімінің басшысы Әлібай Құсайынов.

Жәрмеңкеге қатысу – бұл тек өнімді өткізу мүмкіндігі ғана емес, сонымен қатар өңіріміздің тауарларының сапасына тұтынушылар сенімін нығайтудың да жолы. Сондықтан жәрмеңкеде сүт өнімдерін «Тамаша 2050» ЖШС мен «Пальчик» ЖК, бал өнімдерін «Ильашенко» ЖК, картопты «Литвинов» ШҚ, орамжапырақты «Золотарев» ЖК, жылқы, сиыр, қой және құс еттерін ауданның ауыл шаруашылығы тауар өндірушілері мен ауылдық округтер ұсынды.

Осылайша, бұл күндері елорда тұрғындары үшін сапалы солтүстікқазақстандық өнімдерді тиімді бағамен тікелей өндірушілерден сатып алудың тамаша мүмкіндігі болды.

## ● ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫ

ҮКІМЕТ ХАЛЫҚТЫҢ ТҮРМЫСЫН  
ЖАҚСARTУ ШАРАЛАРЫН ӘЗІРЛЕДІ

Жалғасы, басы 1-бетте.

Үшінші, жаңа Салық кодексінің шағын және орта бизнес қызметіне теріс әсерін азайту мақсатында оңайлатылған декларация негізіндегі арнайы салық режимін қолдануға салынатын басы артық шектеулерді алып тастау туралы шешім қабылданды. Тыйым салынған тізімде, қолданыстағы заңнамадағыдай, тек 44 қызмет түрі қасталады. Одан бөлек, 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап салықтық әкімшілендіру «таза парақтан» жүргізіледі, бұл микро және шағын бизнеске қатысты келесі жайттарды көздейді:

- салықтық тексерулер алынып тасталады;
  - камералдық бақылау алынып тасталады;
  - сот органдарына мәмілелерді жарамсыз деп тану туралы талап-арыз беру тоқтатылады;
  - сот органдарына тіркеуді, қайта тіркеуді жарамсыз деп тану туралы талап-арыз беру тоқтатылады.
- Салықтар мен төлемдер бойынша салынған өсіміздермен айыппұлдар 2026 жылдың 1 сәуіріне дейін негізгі қарыз өтелген жағдайда жойылады. ҚҚС бойынша есепке қою шегінен асқан салық төлеушілер әкімшілік жауапкершілікке тартылмайды. Сондай-ақ салық төлеушілер үшін

салық және әділет органдарында камералдық және салықтық тексерулер жүргізбей-ақ, оңайлатылған тәртіптен есептен шығару науқаны өткізіледі. Бұл жаңа Салық кодексі кезең-кезеңімен енгізуге және салық төлеушілер үшін салықтық әкімшілендіруді жеңілдетуге мүмкіндік береді.

Төртінші, базалық мөлшерлемнің көтерілуіне байланысты екінші деңгейлі банктер тарапынан ипотекалық бағдарламалар бойынша ұсыныстардың қысқаруы аясында тұрғын үй-құрылыс жинақ жүйесін қолдау туралы шешім қабылданды. Соған сәйкес, халық үшін арзандатылған ипотекалық несиелер көлемі екі есе ұлғаяды, бұл тұрғын үйге қолжетімділікті қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Аталған шара қолданыстағы «Наурыз» және «Наурыз-Жұмыскер» бағдарламалары арқылы несиелеу көлемін 500 млрд теңгеге дейін ұлғайту жолымен жүзеге асырылады.

Сонымен қатар суранысқа ие «Әскери баспана» бағдарламасы қайта іске қосылады, ол жыл сайын кемінде 7 мың әскери қызметшінің отбасына жаңа үйден бөлек, қайталама нарықтан да пәтер сатып алуға мүмкіндік береді. Құрылыс компанияларымен осы

бағдарламалар шеңберінде салынатын тұрғын үй құрылысы бойынша офтейк-келісімшарттар жасалады. Бұл ретте құрылыс салушылар үш жылға бағаны бекіту бойынша қарсы міндеттемелер қабылдайды.

Бесінші, отандық автоөндірушілер мен екінші деңгейлі банктер халықтың жеңіл автокөлік сатып алуын қаржыландыру бағдарламаларын одан әрі жалғастырады. Жеке тұлғаларға жеңіл автокөлік сатып алу бойынша лизинг тетігі енгізіледі. Бұл азаматтардың автокөлік сатып алу мүмкіндіктерін кеңейтуге бағытталған. Одан бөлек, «Бейтерек» холдингіне қысқа мерзімде шағын және орта бизнесті қолдаудың қосымша шаралары бойынша ұсыныстар беру тапсырылды.

Премьер-министр Үкімет жүргізген отырған реформалар еліміздің ұзақмерзімді тұрақты экономикалық өсуін қамтамасыз етуге, экономикада базалық нарықтық қағидаларды терең орнықтыруға бағытталғанын атап өтті. Бұл ретте Үкімет Мемлекет басшысының әрбір қазақстандықтың өл-ауқатын арттыру қажеттігі туралы нұсқауларын, экономикалық дамудың негізгі көрсеткіші ретінде қарастыра отырып, қатаң ұстанады.

## ● ФЕРМЕРЛЕР НАЗАРЫНА!

ҚР ФЕРМЕРЛЕРІ ҮШІН АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ  
ЖЕР УЧАСКЕЛЕРІНІҢ ШЕКТІ МӨЛШЕРІ БЕКІТІЛДІ

2025 жылғы 15 қазандағы Үкімет қаулысымен республика және бір әкімшілік аудан (қала), облыс шегінде ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерінің түрлері бойынша олардың шекті (ең жоғары) мөлшерлеріне өзгерістер енгізілді.

Атап айтқанда, мынадай өзгерістер енгізілді:

Қазақстан азаматының шаруа немесе фермер қожалығын жүргізу үшін уақытша жер пайдалану құқығында болуы мүмкін республика және әкімшілік аудан (қала), облыс шегіндегі ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерінің түрлері бойынша шекті (ең жоғары) мөлшерлері жаңа редакцияда баяндалды;

Шетелдік қатысуы жоқ Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғалары мен олардың аффилирленген тұлғалары ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша жер пайдалану құқығында иелене алатын республика және әкімшілік аудан (қала), облыс шегіндегі ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерінің түрлері бойынша шекті (ең жоғары) мөлшерлері де жаңа редакцияда бекітілді.

Сонымен, облыстар бойынша мемлекеттік емес, шетелдік қатысуы жоқ заңды тұлғалар мен олардың аффилирленген тұлғаларының ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу мақсатында уақытша жер пайдалану құқығында иелене алатын ауыл шаруашылығы алқаптарының ең жоғары ауданы (оның ішінде егістік және суармалы жерлер) 35 000 гектар мөлшерінде белгіленді.

Оның ішінде 23 016 гектар егістік, соның ішінде 16 229 гектар суармалы жер:

Абай облысы – 35 000 га (6 500 га егістік, оның ішінде



5 850 га суармалы);

Ақмола облысы – 10 000 га (5 000 және 500 га); Ақтөбе облысы – 35 000 га (10 000 га егістік); Алматы облысы – 6 819 га (450 га егістік); Атырау облысы – 20 000 га (250 және 520 га); Шығыс Қазақстан облысы – 33 500 га (3 500 және 650 га); Жамбыл облысы – 10 085 га (775 және 290 га); Жетісу облысы – 4 050 га (300 га егістік); Батыс Қазақстан облысы – 18 800 га (4 791 га егістік); Қарағанды облысы – 51 000 га (32 000 га егістік); Қостанай облысы – 88 242 га (41 242 га егістік); Қызылорда облысы – 31 000 га (10 000 га); Маңғыстау облысы – 7 500 га; Павлодар облысы – 26 936 га (20 287 және 16 229 га); Солтүстік Қазақстан облысы – 28 405 га (23 016 га егістік);

Түркістан облысы – 9 621 га (500 және 300 га); Ұлытау облысы – 27 000 га (5 000 га егістік);

Республика және әкімшілік аудан (қала), облыс шегінде ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін шетелдік қатысуы жоқ мемлекеттік емес заңды тұлғалар мен олардың аффилирленген тұлғаларының уақытша жер пайдалану құқығында иелене алатын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерінің шекті (ең жоғары) мөлшері 150 000 гектар болып белгіленді.

Оның ішінде 130 000 гектары – егістік, 22 556 гектары – суармалы жер:

Абай облысы – 51 500 га (13 000 га егістік, оның ішінде 11 700 га суармалы);

Ақмола облысы – 150 000 га (130 000 және 2 000 га); Ақтөбе облысы – 50 000 га (20 000 га егістік); Алматы облысы – 26 500 га (2 600 га егістік); Атырау облысы – 35 000 га (500 және 500 га); Шығыс Қазақстан облысы – 76 000 га (10 000 және 1 500 га);

Жамбыл облысы – 28 460 га (2 230 және 820 га); Жетісу облысы – 27 000 га (2 000 га егістік); Батыс Қазақстан облысы – 48 000 га (21 886 га егістік); Қарағанды облысы – 51 000 га (32 000 га егістік); Қостанай облысы – 88 242 га (41 242 га егістік); Қызылорда облысы – 30 000 га (2 700 және 2 700 га); Маңғыстау облысы – 25 000 га; Павлодар облысы – 53 152 га (22 556 және 22 556 га); Солтүстік Қазақстан облысы – 120 700 га (98 700 га егістік);

Түркістан облысы – 41 366 га (2 500 және 500 га); Ұлытау облысы – 45 000 га (10 000 га егістік); Қаулы 2025 жылғы 28 қазаннан бастап күшіне енеді.

## ● НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ, ГРАНТ!

ЖАҢА БИЗНЕС-ИДЕЯЛАРДЫ ІСКЕ АСЫРУҒА АРНАЛҒАН  
ГРАНТТАРҒА ӨТІНІМ ҚАБЫЛДАУ БАСТАЛДЫ

**МАНСАП  
ОРТАЛЫҒЫ**  
КАРЬЕРНЫЙ ЦЕНТР

2025 жылғы 20 қазаннан бастап Business.enbek.kz порталында (бұдан әрі – Портал) жаңа бизнес-идеяларды іске асыру үшін гранттар алуға өтінімдерді қабылдау басталды.

Гранттар қайтарымсыз негізде беріледі, нысаналы мақсаты – жаңа бизнесті бастау және дамыту болып табылады.

Гранттың мөлшері 400 АЕК-ті (1 572 800 теңге) құрайды. Әр қатысушы оны тек бір рет ала алады.

Грант қаражаты ісін жаңа бастаған кәсіпкерлерге өздерінің бизнес-әлеуетін ашуға, өндірісті жолға қоюға және дамытуға, сол арқылы өзін тұрақты табыспен

қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Өтінім беру үшін қажет:

- Порталда тіркелу;
- грант алу шарттарына сәйкестігіне тексеруден өту;
- бизнес-жоспар үлгісін жүктеп алып, оны толтыру және порталға енгізу;
- өтінім нысанын толтыру және ЭЦҚ кілтімен қол қою.

Интернетке немесе компьютерге қолжетімділік болмаған жағдайда, мансап орталықтарының өзіне-өзі қызмет көрсету аймақтарында, халыққа қызмет көрсету орталықтарында өтінім беруге болады.

Грант алу үшін бірқатар шарттарды сақтау қажет.

- Грант алуға:
  - тіркелген жұмыссыздар;
  - жеке кәсіпкерлер (тіркеу мерзімі 3 жылға дейін) үміткер бола алады.
- Бұл ретте үміткер төмендегі әлеуметтік санаттардың бірінен болуы керек:
- мүгедектігі бар адамдар;
  - қолданыстағы «қандас» мәртебесі бар адамдар;
  - еңіраралық қоныс аударушылар;
  - аз қамтылған отбасы мүшелері;
  - көпбалалы отбасы мүшесі (жұбайы /

зайыбы);

- мүгедектігі бар баланы тәрбиелеп отырған адам (жұбайы / зайыбы);

- асыраушысынан айырылу бойынша жәрдемақы алушылар.

Үміткердің «Бастау Бизнес» жобасы бойынша кәсіпкерлік негіздеріне оқығандығы туралы 3 жылдан аспайтын мерзімде берілген сертификаты болуы тиіс.

Грантты қажетті құрал-саймандарды, еңбек құралдарын, технологиялық жабдықтарды, малдарды, жануарларды, құстарды, көшеттерді, бұталарды, тұқымдарды сатып алуға, орын-жайларды жалға алу ақысын төлеуге алуға болады.

Гранттар тұтынушылық мақсаттарға, кредиттік қарыздарды өтеуге, жылжымайтын тұрғын үй сатып алуға және салуға, жер учаскелерін сатып алуға, акцизделетін өнімдер өндіруге берілмейді.

Гранттарды Еңбек мобильділігі орталықтары грант алуға үміткерлердің өтініштерін қарау жөніндегі аудандық/қалалық комиссияның шешімі негізінде береді.

Үміткерлер өз бизнес-жобасын комиссия отырыстарында таныстырады. Бұл ретте комиссияның әрбір мүшесі бизнес-жобасын

спарды бағалайды және бағалау парағын мынадай өлшемшарттар бойынша толтырады: бизнес-идеяның бәсекеге қабілеттілігі, өткізу нарықтарының псықталуы, бизнес-жобаның қаржылық өміршеңдігі, кәсіпкерлік дағдылардың деңгейі, жаңа жұмыс орындарын құру.

Осылайша, грант беру туралы шешім комиссиялық түрде және үміткерлердің бизнес-жобаларының псықталуын бағалаудың нақты өлшемшарттары негізінде қабылданады.

Комиссия шешімі үміткердің Порталдағы жеке кабинетіне жіберіледі. Комиссияның оң шешімі болған жағдайда үміткер банк деректемелерін ұсынады, шартқа қол қояды және одан әрі тоқсан сайын қаражаттың пайдаланылуы туралы есеп береді. Мұның бәрі Еңбек мобильділігі орталықтары мен оның филиалдарына (мансап орталықтарына) бармай-ақ, электрондық форматта жасалады.

Барлық сұрақтар бойынша Мағжан Жұмабаев ауданының мансап орталығына жүгінуге болады.

Мекен жайы: Булаев қаласы, Мир көшесі, 8А, жұмыс телефоны: 2-81-54, ұялы телефоны: 8-771-105-53-30.

# МЕМЛЕКЕТТІЛІКТІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ІРГЕТАСЫ



Тарих куә, әлемде бірқатар ел егемендікке төңкеріс пен түрлі әлеуметтік күйзеліс арқылы жетті. Ал сол бір өтпелі кезеңде Қазақстан саяси тұрғыдан байырғылық пен парасаттылық танытты. Тәуелсіз мемлекет ретінде қалыптасу үдерісі кезең-кезеңімен жүзеге асты. Алдымен Мемлекеттік егемендік туралы декларация қабылданып, артынша жалпыхалықтық Президент сайлауы өтті. Одан кейін тәуелсіздік туралы Конституциялық заң, содан соң жаңа Конституция әзірленіп, қабылданды. Мұндай жүйелі әрі стратегиялық ойластырылған қадам ел ішіндегі тұрақтылықты сақтауға және шынайы билік революцияда емес, заңда екенін дәлелдей түсті.

Декларация – жаңа мемлекеттің тұғырын бекіткен құжат. Тіпті оның концептуалдық құрылымы бүгінгі конституциялық нормалардың негізін құрайды.

*1990 жылғы 25 қазан – Қазақстан тарихында күнтізбедегі дата ғана емес. тұтас бір тарихи дәуірдің басталған күні. Қабылданған Қазақ КСР-нің Мемлекеттің егемендігі туралы декларациясы мемлекеттіліктің тәуелсіздікке бағытталған құқықтық әрі саяси алғашқы қадамы болды. Бұл құжат жай ғана ерлі-жүгердің негесіне саяси ұранның көрінісі емес. ұлттың өз тағдырын өзі анықтауға ұмтылған парасатты таңдауы еді.*

Мемлекеттік биліктің үстемдігі: Қазақ КСР-і өз аумағында толық, дербес және үстем билікке ие мемлекет ретінде жарияланды. Бұл – одақтар орталықтың шексіз үстемдігін тоқтатқан тарихи қадам.

Халық – жердің иесі: Декларацияда алғаш рет жер, жер қойнауы, су және табиғи ресурстар Қазақстан халқының айрықша меншігі ретінде танылып, бұл қағидат елдің экономикалық егемендігі мен ұлттық қауіпсіздігінің негізі ретінде бекітілді.

Мемлекеттік рәміздерге құқық иелігі: Елтаңбаға, Туға, Әнұранға ие болу құқығы біздің мәдени және саяси болмысымызды мойындауды және тәуелсіз елдің көрнекі бейнесін қалыптастыруды білдіреді.

Халықаралық аренаға шығу: Республика өз бетінше сыртқы экономикалық саясатын анықтау құқығын иеленді. Бұл Қазақстанның әлемдік қауымдастықта толыққанды мүше болу жолын ашты.

Декларацияның қабылдануы бүкіл қоғамда терең резонанс тудырды. Бұқара бұл құжатты жаңа өмірге бетбұрыс деп қабылдады. Сол кездегі баспасөз

құралдары да халықтың көңіл-күйін жарыса жазды. Редакцияға түскен хаттардың басым көпшілігі ұлттық сана-сезімнің оянганын, азаматтық жауапкершіліктің қалыптасып келе жатқанын аңғартты. Бұл халықтың өз мемлекетін құру үдерісіне алғаш рет саналы әрі заңды түрде қатысуы еді.

Бүгінгі Қазақстан үшін де декларация – тарихи архивтегі құжат емес, қазіргі мемлекеттік құрылымның құқықтық-идеялық іргетасы. Оның негізгі қағидаттары қазіргі саяси реформаларда өз жалғасын тапқан. Мысалы, заң үстемдігі, экономикалық тәуелсіздік және этносаралық келісім сынды іргелі идеялары қазіргі мемлекеттілік негізін құрайды. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев атап өткендей: «Мемлекеттік егемендік туралы декларация тәуелсіздік жолындағы шешуші кезең болды. Бүгінде оның идеялары әділеттілікті, заң үстемдігін және ұлттық қауіпсіздікті нығайту саясатымызда жалғасын табуда».

Осылайша, 25 қазан – дүниежүзінің саяси картасында егемен Қазақстанның жұлдызы алғаш рет жанған тарихи



сәт. Мемлекеттік егемендік туралы декларация сол тарихи эволюцияның алғашқы және ең жауапты қадамы. Ол – тәуелсіз мемлекет құру жолындағы кемелділік пен көрегенділіктің нақты көрінісі.

Аталған құжат тек құқықтық акт емес, жаңа ұрпақ үшін де терең мағыналы символға айналды. Бұл – ұлттың тарихи сабақтастығы мен азаматтық жауапкершілігін еске салып тұратын рухани бағдар. Себебі декларация әр азаматқа өз мемлекетін құру ісіне тікелей қатысу барын сезіндірді. Дәл осы сезім – халықтың тарихи жады, ұлттық бірегейлікті және мемлекетшілдік сана-сезімді қалыптастырды. Сондықтан декларацияның мәні уақытпен шектелмейді.

**Марат ЖҰМАҒҰЛОВ,**  
Президент жанындағы  
ҚСЗИ бас ғылыми қызметкері,  
заң ғылымдарының докторы.



Азат өмірді, халқының тәуелсіз ел болған қалпын көруге ұмтылған, сол жолда білегіндегі күшпен де, жүрегіңдегі жырымен де күресіп өткен қайраткер ақынның тағдыры аса күрделі белестерді басынан көшірді. Әдеби шығармаларымен бірге Мағжанның қаламынан туған ғылыми еңбектер, оқу құралдары да кезінде халқының қызметіне жарап, елеулі мәнге ие болды.

Мағжан Жұмабаевтың алғашқы өлеңдері ағартушылық сарында жазылды. Мағжан өмір сүрген заман қаншалықты күрделі саяси, қоғамдық тақырыптарды алға тартқанымен, оның алдындағы Шоқан, Ыбырай, Абайлар бастап кеткен ағартушылық ой сол кезеңдегі әдебиетте басымдау болатын. Мағжан да Абай түрінде жыр жазды, ұлы ұстаз үлгісін жалғастырды. Алғашқы өлеңдерінің бірі «Алтын хакім Абайға» деп атауының өзінен ақынның ұлы Абайды ерекше құрмет тұтқаны сезінеді.

Он тоғыз жастағы Мағжан тәуелсіздікті аңсап, қазақ елі күндердің күнінде отаршылдық бұғауын талқандап, теңдік туын көтереді деп сенген. «Осы күнгі күйі» өлеңінде:

Жер кетті, жаның кетті, қам жемедің,  
Құл болдың, қара табан енді малсыз.  
Ортаға қамап алып қырып жатыр,  
Қара жүрек «надандық» қолмен сансыз.  
Қазағым, арыстаным, қайратты ерім,  
Тұрдың ба қару қылмай, құр амалсыз?

– деп шырылдаған жас ақынның жан дауысы қалың қазақты оятап, тарихтан өз ұлтына орын іздей бастайды. Дүние жүзі астан-кестен болып, әркім өзінің елдігін ойлап, ерлігін дәріптеп жатқанда, азаттықты көксеген ақын өз халқына бабаларының ерлік дәстүрін жыр етті. «Жер жүзіне» өлеңінде:

Жер жүзіне ер атағым жайылған,  
Жан емеспін, оттан, судан тайынған.  
Қайраты мол қанды балақ қыранмын,  
Күн болған жоқ жаудан жүрек шайылған,  
– деп сүйген халқын бірлікке, достыққа шақырады.

Алты алаштың алдаспаны, поэзия пайғамбары, қазақтың сегіз қырлы жігіт сұлтаны Мағжан Жұмабаевты сүйіп оқымайтын жан жоқ десе болғандай. Мағжан өлеңдерін оқығанда ерекше ләззат алғандай боласың. Асықпай ағынан жарылған ақын туған жері, қазақтың сары даласы үшін, халқының болашақ бақыты үшін, ұлттық отарлау мен қанаушылықтан халқын қалай алып шығу жолында жанын

да, жырын да аямаған ақын. Сол жолда бар өмірін қиған ақын:

Қазағымды қалың елді сағындым,  
Сарыарқамды – сайран жерді сағындым.  
Балдай бұлақ, мөлдір күміс көбікті,  
Арқадағы айдын көлді сағындым, –  
деп жаза келе қайраттанып, болашаққа сеніммен қарап, қашан да қазағымның бабалар салған жолмен гасырлар бойы адаспай келе жатса да:

Қалың елім, қалың қара ағашым,  
Қайраты мол айбынды ер алашым! –  
деп қазақ елінің Тәуелсіз ел болатынына Тәңірдей сенген ақын.

Осы ұлы күнге жетуді арман етіп, еліне деген, жеріне деген ыстық махаббатын көрсете алған Мағжанның қазақ тарихында алатын орны биік. Мағжан аты қазақ халқының тарихында алтын еріптермен мәңгіге жазылмақ. Ақын өлеңі мен дана сөздері өлмек емес.

**Айгүл ТЕНДІКҚЫЗЫ,**  
«Мағжан Жұмабаев музейі»  
филиалының директоры.

СИЯТКЕРЛІК ОЙЫН

## «МЕН РЕСПУБЛИКАММЕН МАҚТАНАМЫН!»

Іс-шараның мақсаты – өскелең ұрпақтың бойында отансүйгіштік, Отанға деген сүйіспеншілік, Қазақстан тарихы мен мәдениетіне деген қызығушылық сезімін тәрбиелеу, сондай-ақ жастар арасында танымдық белсенділік пен командалық рухты дамыту болды.

Зияткерлік ойын «Тақырып және ұран», «Қазақстан табиғаты», «Қазақстан қалалары», «Қанитандар шайқасы» және «Полиглот» атты бес кезеңнен тұрды, олардың әрқайсысы жастардың Қазақстан туралы білімдерін тексеруге бағытталды.

Қатысушылар әр кезеңде кең ой-өрістерін, тапқырлықтарын мен туған елі туралы білімдерін паш етті. Ойын қорытындысы бойынша жеңімпаз бен жүлдегерлер анықталды: 1 орын – Булаев мектеп-бөбекжай-бақша кешенінің «Абсолют» командасы, 2 орын – Мағжан Жұмабаев атындағы орта мектебінің «Қазақстан - Мәңгілік Ел» командасы, 3 орын – Батыр Баян атындағы мектеп-гимназиясының «Отан қорғаушылар» командасы, 4 орын – №2 жалпы білім беретін мектептің «Апельсин» командасы, 5 орын – кәсіптік дайындық және қызмет көрсету колледжінің «Студенттер» командасы.

Барлық қатысушылар грамоталармен және естелік сыйлықтармен марапатталды.

Қазылар алқасының құрамында болған аудандық ардагерлер кеңесі төрағасының орынбасары Серік Бисқаков, қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы Любовь Егорычева және «Халықаралық «Қазақ тілі» Қоғамы» ҚБ аудандық филиалының төрағасы Еркебұлан Елубаев сөз сөйлеп, жастарға одан әрі табыс, табандылық және өз Отанына деген сүйіспеншілік тіледі.

**Мария ГАЛАЙДИНА,**  
жастар ресурстық орталығының жастар бойынша маманы.

Қазақстан Республикасы күні қарсаңында жастар ресурстық орталығы Булаев қаласы мектептерінің оқушылары мен колледж студенттері арасында «Мен Республикаммен мақтанамын!» атты зияткерлік ойынын өткізді.



## ТҰРСЫНБЕК ҚАБАТОВ: САХНАДА - 25 ЖЫЛ



19 қазан күні Булаев қаласына белгілі әзілкеш, актер және тележүргізуші Тұрсынбек Қабатов арнайы келіп, аудандық Мәдениет үйінің сахнасында концерттік бағдарлама ұсынды.

Шығармашылық кешке өнер десе, ішкен асын жерге қоятын көрермендер, әзілді және өнерді жоғары бағалайтын жандар көптеп жиналды.

Сахнада жүргеніне 25 жыл толуына орай, Тұрсынбек Қабатов көрермен қауымға арнап биыл жаңа авторлық бағдарламасын әзірлеген екен. Шынында да, жеке шығармашылық кеш күлкіге толы болып, ерекше өтті.

Бұл бағдарлама – өмір шындығын астарлы әзілмен жеткізетін, қоғамдағы өзекті мәселелерді жеңіл әрі қызықты түрде көрсететін жаңа форматтағы қойылымдар мен стендап жанрының үйлесімі. Әрбір әзіл – тек көңіл көтеріп қана қоймай, терең ойға жетелейтін сатиралық сарынға негізделген екен.

Кеш барысында мағжандықтар жаңа әзілдер мен ерекше сюжеттер, әлеуметтік тақырыптарға арналған сатиралық қойылымдар, эксклюзивті музыкалық және шоу нөмірлер, әртістің жеке орындауындағы жаңа шығармашылық



туындылар тамашалап, қошеметтерін аямады. Тіпті, көрермен арасынан бес адамды сахнаға шығарып, өртүрлі жанрда

Булаев жайлы ән шырқатып, соңында бөріне сый-сияпат жасады.

Концерт кезінде көрермендер

Тұрсынбек Қабатовтың – күлкі арқылы қоғамды тәрбиелеуді, мәдениетті әзілмен жеткізуді мақсат еткен өнер иесі екеніне тағы да бір көз жеткізгендей болды. Оның шығармашылығы – қалың көрерменнің көңілінен шығып, әрдайым халықты ізгілікке, мейірім мен бірлікке шақыратына күй болды.

Бұл күні шығармашылық кешті талантты пародист Шыныбек Рахмашев шебер жүргізіп, отандық танымал жұлдыздарға пародия жасап, халықты таңдай қақтырды. Сонымен бірге танымал эстрада әншісі Елнұр Наурызбек тамаша өндерін орындап, көрерменнің зор қолдауына бөленді.

Концерт соңында аудан әкімі Рахат Смағұлов киелі Мағжан еліне арнайы ат басын бұрып келген Тұрсынбек Қабатовқа мағжандықтар атынан өнеріне алғыс айтып, шапан кигізіп, шығармашылық табыс тіледі. Өз кезегінде өнерпаздың талантына риза болған батагөй Жеңіс ақсақал жүрекпен шыққан ақ батасын беріп, ақ жол тіледі. Көрермен әртістерге ұзақ тұрып қол соғып, қимастықпен қоштасып, үйлеріне тарасты.

Еркін ТӨЛЕГЕН.

## ЕСЕПТІК КОНЦЕРТ

Биыл «LEGION» би студиясына 10 жыл толып отыр. 2015 жылдың 21 қыркүйегінде Булаев қаласында құрылған би студиясы облыс төңірегінде аса танымал, тіпті, халықаралық байқауларға қатысып, жеңімпаз және жүлдегер атанған болашағы зор ұжым. Осы аралықта бұл ұжым өсіп өніп, толыққанды «LEGION» би студиясына айналды.

Мәселен, бүгін студияда 100-ден астам бала биге үйренуде. Қарақоға ауылында жеке филиал ашылған, сондай-ақ Лебяжка, Медвежка және Полтавка ауылдарының балалары да Булаевта орналасқан би студиясына келіп, белсене қатысады.

Бір сөзбен айтқанда, «LEGION» би студиясы үнемі дамып, балалардың саны мен ұжымның шығармашылық деңгейі де жыл сайын артауда.

Студияда Құдайбергенов Бекет Есембекулы және Құдайбергенова Қайыш Ризабекқызы сынды екі талантты ұстаз еңбек етеді.

Дестүрге сай «LEGION» студиясы жыл сайын есептік концерт өткізіп, өздерінің жетістіктерін паш етіп тұрады.

Биыл студия өзінің 10 жылдық мерейтойын аудандық Мәдениет үйінде лық толы залда, ерекше атап өтті.

Концертке келген көрермендердің қарасы қалың болғаны сонша, адамдар үшін залға қосымша орындықтар қоюға тура келді. Атмосфера өте әсерлі, ал көрермендердің қолдауы - шынайы және қуатты болды.

Мерейтойлық концертте мағжандықтар студия бишілерінің 25 би нөмірін тамашалап, талантты балалардың өнеріне риза болды.

Бұл күні мерекеге Петропавл қаласынан келген хореографтар мен мерекелік агенттіктің өкілдері қоңақ ретінде қатысты.

Сондай-ақ студия жетекшілері Петропавл қаласынан жарық, экран және дыбыс мамандарын, видеографтар, фотографтар және мобилографтарды арнайы шақырып, концерттің жүргізушілері Петропавл және Астана

## «LEGION» БИ СТУДИЯСЫНА - 10 ЖЫЛ



қалаларынан арнайы келген.

Концерт соңында аудан әкімі Рахат Назымбекулы Смағұловтың атынан Алғыс хат табысталып, би студиясының аудан аумағында балалар мен жасөспірімдер шығармашылығын дамытудағы рөлі аталып өтті.

Аудан әкімі аппаратының басшысы Жаслан Қожахметов «LEGION» би студиясының жетекшісі Бекет Құдайбергеновке жоғары марапатты табыс ете отырып, өнерлі ұжымды 10 жылдық еңбегі мен балаларға арналған шығармашылық жұмыс үшін алғысын

білдірді.

Көрермендердің зор қолдауының арқасында концерт бір деммен өтіп, мерейтой - нағыз би мен шабыттың, қуаныш пен энергияның мерекесіне айналды.

ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАР ЖЫЛЫ

*Табиғат – адамзат өмірінің қайнар көзі, тіршілігінің тұнқасы. Ал ең қызығы мен сақталу – әр азаматтың қасиетті беріші. Осы бағытта табанды еңбек етіп, өз өмірін ерманды қырыққа ісіне арнаған жандардың бірі – еңбеккер да қаратайым, өз ісінің нағыз шебері – Жеңіс Нұрғалиев.*

## ТАБИҒАТТЫ АЯЛАҒАН АРДАҚТЫ ОРМАНШЫ



Жеңіс Сапарғалиұлы 2015 жылдан бері орман шаруашылығы саласында қызмет етіп, «Булаев орман шаруашылығы» КММ-нда орманның инспектор қызметін абыроймен атқарып келеді.

Ол орман алқаптарын күтіп-баптау, ағаш егу, өрт қауіпсіздігін сақтау, заңсыз кесушіні алдын алу сияқты жауапты міндеттерді зор жауапкершілікпен орындап келеді.

Өзінің түп ағашқа қамқорлықпен қарап, орманның тынысын сезініп, табиғатқа жанашырлықпен қарау – оның өмірлік ұстанымы.

Орманшы еңбегі көзге көп көрінбегенімен, ел игілігі мен экологиялық тепе-теңдікті сақтау үшін аса қажет іс. Осы адал еңбегі үшін Жеңіс ағамыз әріптестері мен ауылдастарының зор құрметіне ие.

Табиғат қорғау ісінде жауапкершілік пен адамгершілікті ұштастыра білген Жеңіс Нұрғалиев еңбек адамының қадір-қасиетін күнделікті тынымсыз еңбегімен дәлелдеп келеді.

Жеке өмірінде де ол – өнегелі әке, ардақты ата. Жұбайы – Айнагүл Бекбергелқызы медицина саласында қызмет атқарып жүрген білікті медбике.

Адал еңбекті дәріптеген үлгілі отбасы екі ұл тәрбиелеп, елге пайдасын тигізіп жатқан азаматтар етіп өсірді. Үлкен ұлдары Сағындық – ішкі істер органының қызметкері, ал кенже ұлы Сағдат – дене шынықтыру пәнінің мұғалімі әрі бокстан жаттықтырушы.

Екі немересінің сүйікті атасы-әжесі атанған қамқор жандар ұрпағын еңбекқорлыққа, елжандылыққа, табиғатты аялауға баулып келеді.

2025 жыл – Жұмысшы мамандықтар жылы. Бұл жыл еңбек адамын дәріптеу, қоғам өміріндегі олардың ролін айқындау жылы болып отыр. Осындай сәтте Жеңіс Нұрғалиев сынды табиғатты аялаған, маңдай терімен ел игілігіне үлес қосып жүрген жандардың еңбегін үлгі ету – үлкен құрмет.

Жеңіс Сапарғалиұлының өмір жолы – жас ұрпаққа өнеге, еңбек адамының қадірлеудің жарық көрінісі. Табиғатты қорғау жолындағы табанды еңбегі ауылдастарының мақтанышы болып, жас буынға ізгілік пен еңбектің қадірін ұғындырып келеді. Сондықтан ардақты жерлесімізге мықты денсаулық, қажымас қайрат пен еңбегіне табыс тілейміз!

Жұлдыз КАЮНОВА,  
Құралай ауылдық кітапханасының  
кітапханашысы.

## КІТАПХАНАШЫ БОЛУ – БІР БАҚЫТ

Иә, мамандықты дұрыс таңдаудың өзі бір бақыт. Мамандығына шынайы берілген, оның қыр-сырына тереңірек үңіле білетін жандарды көргенде, бұған көзің анық жете түседі. Әлия Маралбайқызы дәл сондай жан десем, артық айтқандығым емес.

Өйткені ол 2013 жылы «Кітапхана ісі» мамандығы бойынша колледжде оқуға түсіп, кітапханашы болуды мақсат тұтады. Бірақ бұған дейін әртүрлі салада еңбек етсе де, кітап оқуға деген құмарлығы, көркем әдебиетке деген құштарлығы тек оны 2019 жылы ғана Вазышев ауылдық кітапханасына алып келеді.

Сол уақыттан бері кітапханашы атанған Ә.М. Жұматаева бар білімі мен дағдысын сүйікті ісіне арнап келеді. Иә, ауылдағы кітапханашы көпшіліктің әдебиетке деген ынтасын арттыру үшін кітапхана жұмысын жаңаша ұйымдастырып, тұрақты оқырмандар тізімін қалыптастыру керек. Өйткені кітапхана қабырғасында еліміз үшін маңызды оқиғалар мен мерекелік даталар аталып өтеді.

Әлия – үнемі ізденіс үстінде жүреді. Содан болар оның ұйымдастыруымен өтетін кез келген іс-шара қашанда өзінің бай мазмұнымен ерекшеленеді. Ол кітапхананың ішкі көрінісін оқырмандарға ерекше әсер ететіндей мазмұнда жасақтап қойған. Мұның өзі де ізденісті серік еткен Әлия Маралбайқызының өз мамандығына деген ерекше ықыласынан хабар беріп тұрғандай.

– Мен өзімді осы жерде бақытты сезінемін, осы мамандықты, кітапханашы қатты жақсы көремін. Жақсы көргенім соншалық, бір күн жұмысқа шықпай қалсам бір нәрседен құр қалғандай күй кешемін, шынымен жұмысқа барғанша асығамын. Оқырмандармен жұмыс істегенге ұнайды. Олармен сөйлесіп, кітап іздеп, оны ұсыну да маған керемет әсер сыйлайды, – дейді мамандығына адалдығын жасырмаған кейіпкеріміз.

Әлия Жұматаева 1978 жылы Алматы облысында дүниеге келгенімен, оның бар саналы ғұмыры Солтүстік Қазақстан облысымен тығыз байланысты. Әсіресе, Вазышевқа ауылында барлық-дерлік мәдени іс-шараның басы-қасында жүретін Әлияның ауылдастары қатты сыйлайды. Себебі, ол жан-жақты, әмбебап маман. Сүйікті ісінен бөлек, бірде жүргізуші болса, бірде әнші, тіпті, байқауға қатысушысы болып кетеді.

Содан болар, ауылдастары оның ұйымдастыруымен өтетін тақырыптық көрмелерді тамашалап, әдеби кештерге, оқырмандармен арналған кездесулерге белсене қатысып отырады. Өйткені мән-

Қазақстанда қатарынан төртінші жыл 24 қазан – Кітапханашылар күні мерекесі тойланып келеді. Әр таңын білімнің қайнар көзі кітаппен ашатын, сол кітаптағы асыл мұраларды оқырмандарға жеткізетін алтын көпірді байланыстырушы – кітапханашылар екені белгілі. Осы бір құрметті мамандықты мақтанышы санайтын жандардың бірі – Әлия Жұматаева.



маңызы мол іс-шаралар ауылдықтарға рухани азық беріп қана қоймай, кітап пен мәдениет әлеміне жетелейді.

Әлия Маралбайқызының еңбегі елеусіз қалған емес, ол басшылық тарапынан әртүрлі деңгейде дипломдармен және алғыс хаттармен марапатталған.

Қандай марапатқа ие болса да, ол білімін жетілдіріп, біліктілігін арттыруды тоқтатқан емес. Үнемі ізденіс үстінде. Түрлі семинарлар мен конкурстарға қатысып, бағын сынап, алдына үлкен міндеттер қоя білетін білікті маман.

Өз-өзін жетілдіруге ұмтылатын еңбеккер маман был Ж. Төшенов атындағы Шымкент университетінің «Кітапхана ісі» мамандығы бойынша бітіріп, жоғары білімге қол жеткізіп отыр. Иә, бүгін кітапханашыға қойылатын талап – жоғары. Заман дамыған сайын оқырманның көңілінен шығу оңай емес.

Дегенмен, өмір ағысына сай жұмыс жасап, заманауи әділ-тәсілдерді қолдана білетін Әлия Маралбайқызы сияқты заманауи кітапханашылардың арқасында кітапхана ісі алға дами беретініне сенімдіміз.

Ынтымақты да, ырысты отбасының сүйкімді отанасы ретінде де Әлияның айналасына үлгі етер қыры көп-ақ. Асыл жары Маратпен бірге бір қыз, бір ұл дүниеге әкеліп, екеуіне де саналы тәрбие беріп, өз елінің патриоты етіп өсіруде. Балалары да оқуда озат атанып, қайда жүрсе де ата-анасының үмітін ақтауға тырысып бағуда.

Өз мамандықтарының майталманы атанған кітапханашыларға және әрдайым шаршамай ізденіс үстінде болып, еңбектерінің жемісін теріп, жаңалық жаршылары болып жүре беріңіздер дей отырып, төл мерекелерімен құттықтап, зор денсаулық, толағай табыс тілейміз.

## 26 ҚАЗАН – ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ ЖҮЙЕСІ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ КҮНІ



*Дәстүр бойынша қазанның соңы жексенбісінде Қазақстанда әлеуметтік қорғау жүйесі қызметкерлерінің күні атан өтіледі. Билең жылы мерекесі 26 қазанға келеді. Бұл өмірге қымбат бағаға ие болған азаматтарды қолдаумен және қорғаумен айналысатын адамдарға арналған. Олардың ролінің маңыздылығын және әділ және гуманизмді қорғау қорғау қосқан үлесітерін атап өтетін күн.*

## ЖАННАҒА ЖҮКТЕЛГЕН ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖОҒАРЫ

Еңбек жолын аудандық аурухана жанындағы перзентханадан бастап бүгінгі күнге дейін осы жерде табысты еңбек етіп келеді. Ісіне адал, емделушілерге қамқор жас маман өзін жақсы жағынан көрсетіп, бүгінгі таңда әріптестері мен пациенттері арасында үлкен құрметке ие білікті маман.

Жоғары санатты акушер Жанна Ыбыраева негізгі жұмысымен қатар, жоғарғы оқу орнында да білім алып, Қарағанды мемлекеттік университетінің дефектология факультетінде сырттай оқиды.

Білім беру бағдарламасының мақсаты – жалпы, арнайы және инклюзивті білім беру жүйесінде түзету-педагогикалық қызметті жүзеге асыру үшін іргелі білімі мен зерттеу дағдылары бар арнайы педагогтарды (дефектологтарды) кәсіби даярлау болып табылады.

Осылайша, Жанна Тастымбекқызы 2007 жылы дефектолог бакалавры мамандығы бойынша диплом алып, 2019 жылдан бері мүгедектігі бар тұлғаларға әлеуметтік қызмет (барлық 8 қызмет түрін) көрсетіп келеді.

Шыңдығына келгенде, мүгедектігі бар адамның өмірі күнделікті күрес пен ерлікке толы. Біз байқай бермейтін қарапайым әрекеттердің өзі олар үшін үлкен күш пен табандылықты талап етеді. Сондықтан қоғамдағы әрбір азаматтың өмір сүру сапасын арттыру – мемлекеттің басты міндеті.

Бұл топ – әлеуметтік көмекпен ғана шектелмейді. Аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі олардың оқып, жұмыс істеп, қоғаммен бірдей өмір сүруі үшін жан-жақты жағдай жасауға тырысады. Әлеуметтік

қызметкерлердің күнделікті қызметі де осыған бағытталған. Ең бастысы, әр адамның жағдайы жеке ескеріліп, өзіне арналған оңалту бағдарламасы жасалады, – дейді жауапкершілігі жоғары маман Жанна Ыбыраева.

Иә, әлеуметтік қызметкерлерге ерекше күтім мен қамқорлықты қажет ететін адамдардың мәселелері жүктелген. Сондықтан олардың жұмыстары – тек еңбекқорлық пен өз істеріне деген адалдықты ғана емес, сонымен бірге қайырымдылық пен үлкен шыдамдылықты, жанашырлықты қажет етеді.

Сол себепті төл мереке иелерінің қарттар мен мүгедектігі бар адамдардың, көпбалық және табыссыз отбасылардың, жұмыссыздардың және халықтың басқа да әлеуметтік осал топтарының жағдайын жақсарту жолында қосып жатқан үлестері зор.

Әлеуметтік қорғау жүйесі қызметкерлерінің күні – бұл әлеуметтік жұмыстың маңыздылығы мен құндылығын атап өтуге, әлеуметтік қызметкерлерге ерекше еңбектері үшін ризашылық пен құрмет көрсетуге мүмкіндік беретін күн.

Ендеше, әлеуметтік қорғау жүйесінің қызметкерлерін кәсіби мерекелерімен құттықтап, оларға зор денсаулық, мол бақыт, амандық тілейміз!

Қазақстанның дамуы тұрақты дамуы жолында жасап жатқан жұмыстары мен болашақ бастамалары халық алдында лайықты бағалана берсін демекпіз.

Еркін ТӨЛЕГЕН.

## АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

«Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы әкімінің аппараты» КММ мемлекеттік меншіктегі және жер пайдалануға 10 жыл мерзімге берілмеген ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелеріне уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру бойынша конкурс өткізеді.

«Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы әкімінің аппараты» КММ хабарламаның (хабарлама) бірінші жариялымынан күнтізбелік отыз күн кезеңі бойынша конкурсқа қатысуға өтінімдерді қабылдау басталады. Осы конкурсқа қатысуға өтінімдер өтінімдерді қабылдау басталған күннен бастап 15 жұмыс күні ішінде қабылданады. 2025 жылғы 24 қарашадан бастап 2025 жылғы 12 желтоқсанға дейінгі кезеңде өтінімдерді қабылдау жүзеге асырылады. Нәтижелерді шығарған күн конкурстың соңғы күні болып саналады. Конкурсқа қатысуға өтінімдерді беру мерзімі аяқталғаннан кейін келесі күні конкурстың нәтижесі шығарылады.

Конкурстың өтетін орны және күні, уақыты: СҚО, Мағжан Жұмабаев ауданы, Бұлаев қаласы, Юбилейная көшесі, 56, 2-ші қабат, отырыс залы мекенжайы бойынша Мағжан Жұмабаев ауданы әкімдігінің ғимаратында 2025 жылдың 15 желтоқсандағы 10 сағат 00 минутта конкурстың нәтижелері шығарылады.

Конкурстың шарттары: Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру бойынша конкурсты жер комиссиясы ҚР Жер Кодексінің 43 бабының 2 тармағына сәйкес өткізеді.

Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінім міндетті түрде тіркеу нөмірі беріліп және өтінім берушіге хабарлама беріле отырып, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қағаз жеткізгіште немесе «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы беріледі.

Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінімде:

1) Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғалары үшін – заңды тұлғаның атауы, оның тұрған жері, заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркелуі (қайта тіркелуі) туралы мәліметтер, жарғылық капиталдағы (жарғылық капиталдың жалпы мөлшерінен) үлестерінің мөлшері көрсетіле отырып, өтінім берушінің – заңды тұлғаның басшылары мен қатысушылары немесе акционерлері туралы мәліметтер, өтінім берушінің үлестес тұлғалары туралы мәліметтер;

2) жеке тұлғалар үшін – өтінім берушінің тегі, аты және әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген болса), тұрғылықты жері, азаматтығы, жеке сәйкестендіру нөмірі, өтінім берушінің жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметтер;

3) өтінім беруші үміттеніп отырған жер учаскесінің орналасқан жері;

4) конкурстық ұсыныс;

5) өтінім беруші шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінімді жеке тұлғаның немесе Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғасының уәкілетті өкілдері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес берілген және ресімделген сенімхаттың негізінде ұсына алады.

Конкурстық ұсыныста болу керек: 1) бизнес-жоспар (инвестициялардың болжамды көлемі, ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру алаңдары, ауыл шаруашылығы жануарларының мал басы, қолданылатын агротехнологиялар, ауыл шаруашылығы техникасы мен технологиялық жабдықтар, ауыл шаруашылығы саласындағы білікті мамандардың болуы, ашылатын жұмыс орындарының саны);

2) шаруашылық ішілік жерге орналастыру жобасын жасау және игеру, ауыл шаруашылығы инфрақұрылымын дамыту іс-шараларын орындау жөніндегі

міндеттемелер;

3) ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерді ұтымды пайдалану қағидаларын қоса алғанда, Қазақстан Республикасы жер заңнамасының талаптарын орындау, өңірдің мамандануына сәйкес ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс алаңдары құрылымын ертартапандыру бойынша индикативтік көрсеткіштерді орындау, ғылыми негізделген агротехнологияларды, фитосанитариялық және карантиндік талаптарды сақтау жөніндегі міндеттемелер қамтылуға тиіс.

Конкурстық ұсыныс, беттері нөмірленіп, тігінге түрде, жабық конвертте ұсынылады. Талаптарына сәйкес келмейтін, шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінім қабылдамай тастауға жатады.

Конкурстың өтетін орны «Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданының жер қатынастары бөлімі» КММ-не 2025 жылғы 12 желтоқсанда сағат 18:30-дан кешіктірмей: 150800, Солтүстік Қазақстан облысы, Мағжан Жұмабаев ауданы, Бұлаев қаласы, Юбилейная көшесі, 31, мекенжайы бойынша қолма-қол, веб-портал арқылы немесе пошта арқылы беріледі.

Конкурсты өткізу тәртібі туралы мәліметтерді және қосымша ақпаратты Мағжан Жұмабаев ауданы әкімінің [www.mzh.sko.gov.kz](http://www.mzh.sko.gov.kz), «Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданының жер қатынастары бөлімі» КММ-сі [www.kz/memleket/entities/sko-mzh-zher](http://www.kz/memleket/entities/sko-mzh-zher) сайтында немесе 8 (71531) 2-03-75, 8 (71531) 2-08-33 телефоны бойынша алуға болады.

| Лот № | Алқаптардың құрамы                                                                                                                       | Алаңы, га | Бонитеттің орташа көтерілген балы | Жер учаскесінің орналасқан жері | Топырақтың сапалық сипаттамасы | Сумен қамтамасыз етілуі | Өңірдің ауылшаруашылық мамандануы                              |
|-------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------|-----------------------------------|---------------------------------|--------------------------------|-------------------------|----------------------------------------------------------------|
| 1     | Табиғи жайылымдар: Г 5-7 өріс - 31 г; Г8-11 өріс - 87,3 г; 5-1 өріс - 10 г; 5-3 өріс - 21 г; су астында-1 г; жолдар-2 г; басқалары-18 г. | 170,3     | 27,3                              | Молодогвардейск ауылдық округі  | қарапайым қара топырақтар      | Қанағаттанарлық         | мал шаруашылығын дамыту                                        |
| 2     | Егістік: егістік 2-1 / 89 га, Табиғи жайылымдар: кос35-10га өрісі, кос36-1га өрісі, 45/2га өрісі                                         | 102       | 33,0                              | Конюхов ауылдық округі          | қарапайым қара топырақтар      | Қанағаттанарлық         | ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру және мал шаруашылығын дамыту |
| 3     | Егістік: егістік 5/91 га, Табиғи жайылымдар: кос39-2га.                                                                                  | 93        | 41,0                              | Конюхов ауылдық округі          | қарапайым қара топырақтар      | Қанағаттанарлық         | ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру және мал шаруашылығын дамыту |
| 4     | Егістік: 3-3 / 60 га өріс, 4-3 / 25 га өріс, Табиғи жайылымдар: кос43 / 19 га өріс, кос42/2 га өріс, 17/1 га өріс.                       | 107       | 43,0                              | Конюхов ауылдық округі          | қарапайым қара топырақтар      | Қанағаттанарлық         | ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру және мал шаруашылығын дамыту |
| 5     | Егістік: 3-3 / 55 га өріс, 4-3/80 га өріс, Табиғи жайылымдар: өріс кос44 - 1 га.                                                         | 136       | 42,0                              | Конюхов ауылдық округі          | қарапайым қара топырақтар      | Қанағаттанарлық         | ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру және мал шаруашылығын дамыту |
| 6     | Табиғи жайылымдар: 8 өріс - 52 г; Жолдар - 1 га; басқалары-1 га; Су астында-30,1 га                                                      | 84,1      | 38,6                              | Алтын дән ауылдық округі        | қарапайым қара топырақтар      | Қанағаттанарлық         | мал шаруашылығын дамыту                                        |
| 7     | Жақсартылған жайылымдар: 4-1/22,5 га алқап жолдар-0,1 га.                                                                                | 22,6      | 49,4                              | Успенка ауылдық округі          | қарапайым қара топырақтар      | Қанағаттанарлық         | мал шаруашылығын дамыту                                        |
| 8     | Егістік: өріс 6-1 / 30 га; өріс 7-1/36 га; Табиғи жайылымдар: өріс кос15 - 13 га; жақсартылған жайылымдар: өріс 13-1 га; Жолдар - 1 га.  | 81        |                                   | Полудин ауылдық округі          | қарапайым қара топырақтар      | Қанағаттанарлық         | ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру және мал шаруашылығын дамыту |

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

## ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУЛАР ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАНДЫРУ

«Чистовский» ЖШС 27.11.2025 жылы сағат 10:00-де СҚО Мағжан Жұмабаев ауданы Чистовское ауылында орналасқан 2026-2035 жылдарға арналған СҚО Мағжан Жұмабаев ауданы Чистовское ауылында орналасқан «Чистовский» ЖШС қауіпті емес қалдықтарды жою объектісінен шығарындылардың рұқсат етілген нормативтерінің жобасы бойынша, 2026-2035 жылдарға арналған СҚО Мағжан Жұмабаев ауданы Чистовское ауылында орналасқан «Чистовский» ЖШС қауіпті емес қалдықтарды жою объектісінің қалдықтарын басқару бағдарламасы бойынша, 2026-2035 жылдарға арналған СҚО Мағжан Жұмабаев ауданы Чистовское ауылында орналасқан «Чистовский» ЖШС қауіпті емес қалдықтарды жою объектісінің өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы бойынша, СҚО Мағжан Жұмабаев ауданы Чистовское ауылында орналасқан «Чистовский» ЖШС қауіпті емес қалдықтарды жою объектісінің қоршаған ортаны қорғау жөніндегі 2026-2035 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары бойынша ашық жиналыстар нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізетінін хабарлайды. Мекен-жайы: Солтүстік Қазақстан облысы, Мағжан Жұмабаев ауданы, Чистовское ауылы, Центральная көшесі, 31 Б ғимараты, 2 қабат.

